ЖШС **"Жансултан и К" "Бағдаршам"** балабақшасы

**Бекітемін**

**ЖШС "Жансултан и К"**

**"Бағдаршам" балабақшасы**

**ТЕМИРБЕКОВА Б.М.**

2021-2022 **оқу жылының негізгі мақсаттары**

Жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарты талаптары негізінде балабақша жұмысын төмендегі бағыттар бойынша құру:

1. Стандарт талаптарын педагогикалық ұжым арасында оқу, орындау жолдарына арналған әдістемелік іс-шаралар жүргізу.
2. Ата-аналар арасында педагогикалық ағарту жұмыстарын жандандыру.
3. Балабақшаның материалдық базасын жақсарту.
4. Топтардағы дамыту орталықтарын дамыту ойыншықтарымен және дидактикалық материалдармен толықтыру.

**Міндеттері:**

*I. «Денсаулық» білім саласында балалар денсаулығын нығайту.*

- Баланың өмірі сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыруды дағдыландыру.
- Таңертеңгілік жаттығулар мен дене тәрбиесі бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған іс-шаралар сапасын арттыру.

*II. «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім салаларының құзіреттілігін біріктіре отырып, зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қалыптастыру арқылы балаларды мектепке дайындау.*

- Баланың сөздік қорын, шығармашылық ой-өрісін, сөйлеу іс-әрекетін қалыптастырып, мемлекеттік тілді меңгеруге, шет тілдерге қызығушылығын арттыра, театрланған көріністерді пайдалану арқылы және ТРИЗ әдісін қолдана отырып, «Қатынас», «Шығармашылық» салалары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру негізінде дамыта отырып, мектепке даярлау.

*III. Мектепке дейінгі тәрбие мен отбасы, әлеуметтік даму ортасының бірігуіне мүмкіндік жасау.*

- Балалар бойындағы азаматтық, патриоттық сезімдер және отбасында рухани, адамгершілік мінез-құлық негіздерін игеруін қамтамасыз ету ынтасын қалыптастыру. Ойын арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.